

«ҚҰҚЫҚ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША

ОӘБ ЕСЕБІ (2023-2024 оқу жылы үшін)

«Құқық» бағыты бойынша 20 жоғары оқу орнының, жұмыс берушілердің және жұмыс берушілер қауымдастығының өкілдері – мүддерлі тараптардың (стейкхолдерлердің) қатысуымен пікір алмасу алаңы бола отырып, ОӘБ-ЖБТ Министрдің 2024 жылғы 08 тамыздағы № 400 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ереженің негізінде өз жұмысын жүзеге асырады.

«Құқық» бағыты бойынша ОӘБ-ЖБТ негізгі міндеттері:

- заң білімін жетілдіру және заң кадрларын даярлау,
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын және ғылым мен жоғары білім саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу,
- заңгерлік білім беру мәселелері бойынша ЖЖОКБҰ, жұмыс берушілер мен жұмыс берушілер қауымдастықтарының өзара ынтымақтастық алаңын құру, «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының жоғары сапасын қамтамасыз ету, заң мамандығына қол жеткізу және түлектерді жұмысқа орналастыру және заң кадрларын қайта даярлау.

Әдістемелік бірлестіктің қызметі 2023–2024 оқу жылына арналған Жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жоспар алдын ала Әдістемелік бірлестік мүшелерімен келісіліп, Әдістемелік бірлестік Төрағасы тарапынан бекітілген және сайтта <https://mnu.kz/ru/uchebno-metodicheskoe-obedinenie/> ашық түрде орналастырылған.

ОӘБ-ЖБТ отырыстарында «Құқық» бағыты бойынша келесі мәселелер талқылауға шығарылады:

- заң білімін жетілдіру және заң кадрларын даярлау,
- жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде білім беру бағдарламаларының портфелін әзірлеу,
- адал тәжірибелерге, кредиттік оқыту технологиясының стандарттарына және академиялық адалдыққа қарсы тұрудың әлемдік тәжірибелеріне негізделі отырып, академиялық адалдық қағидаттарын енгізу,
- кредиттік оқыту технологиясының жаңа шарттарындағы бағалау жүйесінің мәселелері,
 - ұлттық сертификаттар арқылы заң мамандығына қол жеткізу мәселелері,
 - заң мамандығы бойынша жаңартылған мазмұны бар оқулықтар жазу,
 - түлектерді жұмысқа орналастыру және заң кадрларын қайта даярлау

Аталған мәселелерді қарастыру Әдістемелік бірлестіктің қызмет бағыттарына сәйкес, кадрлар даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңес пен оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы Ереженің **19-тармағына** сай жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіру және өзектендіру (**19-тармақтың 4,5-тармақшаларына сәйкес**) жаһандық әлемдік тәртіптің өзгерістері, мүдделі тараптардың зерттеулері негізінде алынған мәліметтер, «Құқық» бағыты бойынша әдістемелік

бірлестікке мүше жоғары оқу орындары өкілдері және жұмыс берушілермен оқу нәтижелері – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша негізгі кұзыреттер туралы бірлескен жұмыстың нәтижелері, сондай-ақ Business ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады, бұл практикаға бағытталған оқытуды қамтамасыз етеді. Business Council кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу нәтижелерін қалыптастыруға ұсыныстар енгізеді. 2023 жылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен қолданыстағы заңнаманың өзгерістерін, халықаралық трендтерді, тәжірибе мен еңбек нарығының сұраныстарын және білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы бақылау тетіктерін қамтамасыз етуді ескере отырып, «Құқық» бағыты бойынша әдістемелік бірлестікке мүше жоғары оқу орындарымен «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот сараптамасы», «Құқық және құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары жаңартылды. Бұл білім беру ұйымдарына елдің ұлттық даму басымдықтарын, соның ішінде цифрландыруды ескере отырып, сапалы мамандарды уақытылы даярлауға мүмкіндік береді.

Үш деңгейлі білім беру бағдарламаларының мониторингі әдістемелік бірлестікке мүше жоғары оқу орындарында жұмыс берушілердің сұраныстары мен базалық университет ретінде «Құқық» бағыты бойынша MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY (KAZGUU Law School Business Council) Жоғары құқық мектебінің Business Council (Жұмыс берушілер кеңесі) ұсыныстарын ескере отырып жүргізіледі. Business Council (Жұмыс берушілер кеңесін) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, заң ғылымдарының кандидаты Тукиев А.С. басқарады. Бизнес-кеңестің құрамына халықаралық және ұлттық заң фирмалары мен әдістемелік бірлестікке мүше компаниялар, сондай-ақ заң қызметтері нарығы мен заңгерлік кәсіптің стандарттарын айқындайтын мемлекеттік органдар мен кәсіби қауымдастықтар кіреді. Жұмыс берушілер қатарында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Республикалық нотариат палатасы, Республикалық адвокаттар алқасы, Республикалық жеке сот орындаушылары палатасы, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы, Астана Халықаралық Қаржы Орталығы (АХҚО), АХҚО Соты және АХҚО Арбитраж орталығы, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен», «Big4» компаниялары – EY, KPMG, Deloitte, PwC, сондай-ақ халықаралық заң фирмалары Reed Smith, White & Case, Baker McKenzie, OLYMPEX ADVISERS, Grata International, SIGNUM, Talan Towers заң фирмасы, De Facto және «Zakon.kz» заң компаниясы бар. Әдістемелік бірлестікке мүше жоғары оқу орындарымен көптеген микроквалификациялар мен ерекше білім беру бағдарламалары (ББ) әзірленуде. Мәселен, 2023–2024 оқу жылында Каспий қоғамдық университетінде «Құқықтану (қытай тілін және Қытай Халық Республикасының құқықтарын тереңдете оқыту)» ББ, «Болашақ құқықтану (көптілді модель)» ББ, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY-да LLM_Joint program «IP&Business Law», LLM_Joint program-**MNU-ВОИС** бағдарламалары, сондай-ақ Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде «Антикоррупциялық комплаенс» магистратура бағдарламасы әзірленді.

30.01.2024 ж. «Құқық» бағыты бойынша әдістемелік бірлестіктен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне білім беру бағдарламалары мен оқу әдістемелері бойынша білім беру деңгейлерінің мазмұнына, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, талдау жүргізу және әлемдік тәжірибені жинақтау бойынша кеңейтілген аналитикалық анықтама жолданды. Анықтамада «Құқық» және «Халықаралық құқық» кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламаларының атаулары көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің қызметі туралы Ережесінің **19-тармағының 3-тармақшасын** жүзеге асыру шеңберінде «Құқық» бағыты бойынша әдістемелік бірлестіктің өкілдері саладағы мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жұмыстарында қатысады. ҚР Әділет Министрінің 06.11.2023 ж. №786 бұйрығымен «ҚР

Әділет министрлігі жанынан Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңесті құру және ҚР ӘМ жанындағы Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық Кеңес туралы ережені бекіту туралы» сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес құрылды, оған ұйым бойынша департамент өкілдері кірді, ҚР ӘМ Сот сараптамасы орталығының, Республикалық сот сарапшылары палатасының сараптамалық қызметі – сот сарапшылары - лицензиаттар, Еңбек ресурстарын дамыту орталығы АҚ Ұлттық біліктілік жүйесінің метрология Департаменті әдіснама Басқармасының, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының және «Құқық» бағыты бойынша ОӘБ ЖЖОКБҰ өкілдері-MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY, ЕҰУ, ҚазҰУ. Салалық Кеңес сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіби біліктілікті дамыту жөніндегі жұмысты және кәсіптік стандарттар бекітілген Сот сараптамалары түрлерінің бекітілген тізбесі бойынша қызметті реттей отырып, «Сот-сараптама қызметі» салалық біліктілік шеңберін әзірлеуді үйлестіреді. (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 60 бұйрығымен сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіби стандарттар бекітілді. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G24D0000060>).

2024 жылдың 8 ақпанында ОӘБ отырысында «Сот-сараптама қызметі «Салалық біліктілік шеңбері» мәселесі қаралды, ол бойынша Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі жанындағы Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің мүшесі, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Teaching professor - Т. А. Шагдарова сөз сөйледі. 2024 жылдың ақпан айынан тамыз айына дейін (28.02.2024 ж., 05.03.2024 ж., 02.05.2024 ж., 21.08.2024 ж.) ҚР Әділет министрлігінің салалық Кеңесіне «Сот-сараптама қызметі» СБШ, «Сот-сараптама қызметі» КС әзірлеу бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY өкілдері қатысты. Қазіргі уақытта бұл жұмыс жалғасуда.

Заң қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес («Заң кеңесшісі», «Құқықтанушы») қазіргі уақытта уәкілетті органмен құрылмағанын қосымша хабарлаймыз. Осыған байланысты, «Құқық» бағыты бойынша ОӘБ кәсіби заң қоғамдастығына КС әзірлеу бойынша жұмысты жеделдету туралы ұсыныс енгізеді.

«Құқық» бағыты бойынша әдістемелік бірлестік (ӘБ) Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі туралы Ережесінің **19-тармағының 7-тармақшасына** сәйкес жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру мәселелері бойынша құжаттар жобаларын әзірлеу мен сараптауға қатысады. ӘБ-нің хатшысы-администраторы Қалишева Ж.Г. 2024 жылдың сәуір-мамыр айларында кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК қызметі туралы Ережені әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамында болды. (Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі №498 н/қ бұйрығы).

2024 жылғы 20 сәуірде мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, АХҚО, жұмыс берушілер, сондай-ақ құқықтық білім беру мәселелері бойынша жоғары оқу орындарының өкілдері шақырылып, әдістемелік бірлестіктің кеңейтілген отырысы өткізілді. Отырыста құқықтық білім беру мәселелері бойынша сұрақтар талқыланды.

1. «Құқық» бағыты бойынша ББ іске асыратын жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды арттыру туралы;

2. «Құқық» бағыты бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру тәсілдерін өзгерту туралы;

3. Мемлекеттік және құқық қорғау қызметіне кандидаттарды конкурстық іріктеуде ББ сапа рейтингінің рөлін арттыру туралы;

4. «Құқық» бағыты бойынша ББ іске асыратын ЖОО-ларды (жұмыс берушілер қауымдастықтары) кәсіптік аккредиттеу туралы.

5. Презентациялық есеп:

- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ;
- KIMEP;
- MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY.

21.05.2024 ж.-23.05.2024 ж. аралығында Қазақстанда заң білімін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу бойынша «Құқық» бағыты бойынша 59 ЖЖОКБҰ шақырумен ОӘБ базасында стратегиялық сессия өткізілді. Стратегиялық сессия шеңберінде заң білімін дамыту тұжырымдамасы жобасының басым бағыттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс кезеңдері айқындалды.

Құқықтық білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі идеялары келесі бағыттарда ұсынылды:

- “ Заң білімін мемлекеттік реттеу тәсілдерін трансформациялау және академиялық еркіндікті кеңейту”;
- “ Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру”;
- “ Кадрлық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын арттыру”;
- “ Кәсіби қоғамдастықпен интеграцияны күшейту”;
- “ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен академиялық адалдықты дамыту”;
- “ Ғылым және ғылыми кадрлардың сабақтастығы”.

21.06.24 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің РОӘК отырысында «Құқық» бағыты бойынша ОӘБ Қазақстан Республикасында заң білімін дамыту тұжырымдамасы жобасының басым бағыттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс кезеңдері ұсынылды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында заң білімін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жалғасуда.

РОӘК қызметі туралы Ереженің 11, 12, 13-тармақтарын іске асыру барысында «Құқық» бағыты бойынша әдістемелік бірлестіктің рұқсатымен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарын қалыптастырады. «Антикоррупционная политика Республики Казахстан» (орыс тілінде) оқу құралын Қазақстан Республикасының полициясы генерал-лейтенанты, заң ғылымдарының кандидаты Шпекбаев А.Ж., заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Дуйсенов Е.Э. жалпы редакциясымен сараптама жүргізілді. Оқу басылымы талқыланып, әдістемелік бірлестік мүшелері арасында дауыс берілді. 2024 жылғы 26 сәуірде бұл басылымға РОӘК рұқсаты беріліп, «Антикоррупционная политика Республики Казахстан» оқу құралы «Құқық» бағыты бойынша білім алатын жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу процесінде пайдалануға ұсынылды.

2023 жылы MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY - әдістемелік бірлестіктің базалық университеті ретінде мемлекеттік тілде сапалы оқу әдебиетін жазу және жариялау жобасын бастады. Студенттер мен магистранттар Қазақстанда шығатын сапалы құқықтық әдебиетке қол жеткізуі тиіс. Сондықтан жоғары оқу орны оқу әдебиетін ОӘБ арқылы аудару жауапкершілігін өз мойнына алды. Оқу орындарының өкілдері әдістемелік бірлестік

мүшелері жобаны қолдады және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне ресми хат жолданды. 2023–2024 оқу жылының басында ОӘБ құқықтың негізгі салалары бойынша мемлекеттік тілде дайындалған оқу басылымдары ұсынылды. Заң саласындағы сарапшылар рецензиялаған оқу-әдістемелік басылымдарға сараптама жүргізілді. Ұсынылған оқу басылымдарының (оқулықтар мен оқу құралдарының) мазмұны бойынша ұсынымдар берілді, ал авторлар сарапшылардың рецензиялары мен ОӘБ мүшелерімен талқылау негізінде контентті жетілдіру жұмыстарын жалғастырды.

25.06.2024 - 05.07.2024ж. ОӘБ құқық бағыты бойынша оқу басылымдарына сараптама жүргізілді:

1. Оқулық Мельник Р.С. «Административное право». Мемлекеттік тілге аударылған теорияға кіріспе - Баймұрат С., Adjunct assistant ҚЖМ МНУ;
2. С.К.Идрышева «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ» ЕРЕКШЕ БӨЛІМ, ОҚУ ҚҰРАЛЫ.
3. Оқулық Дождева Д.В. «Римское частное право», мемлекеттік тілге аударылған - Н.С. Ешнязов Assistant Professor ҚЖМ МНУ;
4. А. Жұмағали «Криминология. Жалпы бөлім (Жалпы криминология)»

ҚР РОӘК ОӘБ грифі берілді және оқу басылымдары оқу процесінде «Құқық» бағыты бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне оқулық ретінде пайдалануға ұсынылды.

Мемлекет басшысының студенттерді әлемдік цифрлық кітапханаларға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында «Coursera» жобасы – қазақ тілінде» ОӘБ массалық онлайн курстарды оқу үрдісінде жариялануы мен пайдаланылуы бойынша ұсынымдар жасау үшін сараптамадан өткізуде. Осылайша, ОӘБ-ның 2024 жылдың 8 ақпандағы отырысында Coursera платформасының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілген курстар тізімінен «Ашық қоғамдағы адам құқығы» (Coursera, Utrecht University) курсы талқыланды. ОӘБ тарапынан Ғылым және жоғары білім министрлігіне қорытынды жолданды.

Бейіндік пәндерді анықтау, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және талапкерлерді кешенді тестілеу бойынша ұсыныстар жасау мәселесі бойынша (РОӘК қызметі туралы Ереженің **19-тармағы, 14-тармақшасы**) 2024 жылдың 8 ақпанында ОӘБ Л. Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық құқық» ББ бойынша ҰБТ-да бейіндік пәнді өзгерту және «Құқық негіздері» пәнін «Шет тілі» пәнімен алмастыру туралы өтінішіне байланысты отырыс өткізді. Отырыста әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, КИМЭП, Букетов атындағы Қарму, СДУ, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY сияқты жоғары оқу орындарының өкілдері белсенді талқылау өткізді, сонымен қатар Microsoft Forms платформасы арқылы онлайн дауыс беру жүргізілді. «Құқық негіздерін» пәнін «Шет тілі» пәнімен алмастыру бойынша дауыс беру нәтижесі:

«Қолдады»- 18 %

«Қарсы» - 81 %.

ОӘБ және ЖЖОКБҰ-мүшелері вебинарлар, оқу-әдістемелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастырып, қатысады. (РОӘК қызметі туралы Ереженің 19-тармағы, 17-тармақшасы)

24.10.2023ж.– IQAA Агенттігінің 15 жылдығына арналған «Жоғары білімді трансформациялаудың жаңа жолдары» тақырыбындағы VI Еуразиялық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету форумын — «Құқық» бағыты бойынша негізделген MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY университетінде ұйымдастыру. Форумға ОӘБ мүшелері қатысты.

27.10.2023ж. құқықтық саясатты зерттеу орталығы ұйымдастырған «БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы егжей-тегжейлі Конвенциясы» вебинарында Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY, Д. Қонев университеті, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ жоғары оқу орындарының онлайн қатысуы;

22.04.2024-23.04.2024ж. ҚР жоғары оқу орындары үшін MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY неміс және әкімшілік құқық ғылыми мектебі ұйымдастырған «Германия, Қазақстан, Украина және Өзбекстандағы әкімшілік Әділет көмегімен конституциялық құқықтарды қорғау» ғылыми-педагогикалық семинарына ЖЖОКБҰ-ОӘБ мүшелерінің қатысуы (қатысушылар сертификаттар алды).

26.03.2024ж. ОӘБ төрағасының орынбасары Пен С.Г., ОӘБ мүшелері-ЕҰУ ЖЖОКБҰ өкілдігі, ҚР БП құқық қорғау органдары академиясы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚР Парламенті Сенатында заң білімінің сапасын арттыру және одан әрі дамыту мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.